

№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК ұйымдастырылған «Өнерлі ана – талапты қыз» түрлі қолөнер бұйымдарын жасау байқауының анықтамасы

«Өнерлі ана – талапты қыз» — бұл аналар мен қыздардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, ұлттық және заманауи қолөнер дәстүрлерін насихаттауға бағытталған қолөнер бұйымдарын жасау байқауы. Бұл байқау аналар мен қыздардың бірлескен жұмысы арқылы отбасылық құндылықтарды нығайтуға және шығармашылық қабілеттерін ашуға мүмкіндік берді. Іс-шараның негізгі мақсаттары: Ана мен қыздың бірге жұмыс істеу арқылы қарым-қатынасын нығайту, Ұлттық қолөнерді жаңғырту және заманауи тәсілдерді қолдану арқылы жаңа идеяларды қолдау, Қатысушылардың қиялы мен қолөнер шеберліктерін жетілдіру, Ұлттық өнер арқылы ананың білгенін қызына үйрету дәстүрін жаңғырту. Байқауға аналар мен олардың қыздары бірге қатысты. Қатысушылар өз қалауы бойынша ұлттық немесе заманауи стильдегі әртүрлі қолөнер бұйымдарын жасай алды. Бұған кесте тігу, тоқыма, бисермен жұмыс, құрақ құрау, ағаш немесе саздан бұйымдар жасау, әшекейлер дайындау кірді. Байқауға ұсынылған әрбір жұмыс ерекше, авторлық идеяны бейнелеп, шығармашылық тәсілдермен орындалды. Бұйымдарды жасау үшін уақыт алдын ала берілді. Әр жұмысқа қысқаша сипаттама айтылып, онда бұйымның жасалу технологиясы мен оның маңыздылығы туралы ақпарат берілді. **«Өнерлі ана – талапты қыз»** байқауы ұлттық өнерді сақтау мен дамытуға ықпал ететін шығармашылық шара. Байқау қатысушыларға өз шеберліктерін көрсетуге, бірлескен уақытты қызықты әрі пайдалы өткізуге мүмкіндік берді. Бұл байқау отбасылық байланысты нығайтып, ұлттық өнерді жаңғыртуға және жаңа буынға жеткізуге зор үлес қосты. Іс-шара соңында белсене қатысқан ата-аналарға алғыс хат пен ерекше бұйымдар жасап, талаптарды орындаған топтарға дипломдар берілді. Бұл іс-шара балалардың бойында ұлттық құндылықпен іздемпаздық, шығармашылық дағдыларын, отбасы құндылығын дамытуға үлкен үлес қосты.

Әдіскер: Саттыкова А